Бекітілді
№27 «Ақбота»б\б директоры
Кошкинова Г.М ________
№1 педкеңес
26.08.2020жыл

# Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыру бойынша ортаңғы «Балдырған» тобының перспективалық жоспары

**2020-2021 оқу жылы**

**3 жас**

Бекітілді
№27 «Ақбота» б/б директоры
Г.М.Кошкинова ____________
педкенес №1 26.08.2020ж

| | Ай аттары | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек айы | « Балабақша» | «Менің балабақшам» | I апта |
| | | | «Менің сүйікті ойыншықтарым» | II апта |
| | | | «Біздің табиғат бұрышымыз | III апта |
| | | | «Балабақшадағы үлкендер еңбегі» | IV апта |
| 2 | Қазан | «Менің отбасым» | «Менің отбасым»» | I апта |
| | | | «Менің көшем» | II апта |
| | | | «Мамандықтың бәрі жақсы» | III апта |
| | | | «Алтын күз» | IV апта |
| 3 | Қараша | «Дені саудың, жаны сау» | «Пайдалы көкөністер» | I апта |
| | | | «Жеміс бағында» | II апта |
| | | | «Менің көмекшілерім» | III апта |
| | | | «Күн,ауа,су біздің достарымыз» | IV апта |
| 4 | Желтоқсан | «Менің Қазақстаным» | «Менің Отаным-Қазақстан» | I апта |
| | | | «Қазақстанның жануарлар әлемі» | II апта |
| | | | «Туған өлкенің өсімдіктері» | III апта |
| | | | «Ғажайып қыс» | IV апта |
| 5 | Қаңтар | «Бізді қоршаған әлем» | «Біз қалай киінеміз» | I апта |
| | | | «Біздің үйдегі заттар. Жиһаз» | II апта |
| | | | «Қуыршақтың ыдыстары» | III апта |
| | | | «Жүреді,жүзеді,ұшады.» | IV апта |
| 6 | Ақпан | «Табиғат әлемі» | «Қыс қызықтары» | I апта |
| | | | «Айналамыздағы өсімдіктер» | II апта |
| | | | «Жануарлар әлемі» | III апта |
| | | | «Құстар-біздің досымыз» | IV апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Наурыз | «Салттар мен фольклор» | «Аналар мерекесі» | I апта |
| | | | «Қазақ ауыз әдебиеті бізде қонақта» | II апта |
| | | | «Біздің салт дәстүріміз» | III апта |
| | | | «Нұр төккен,гүл көктем» | IV апта |
| 8 | Сәуір | «Табиғатты қорғап үйренейік» | «Аялайық гүлдерді» | I апта |
| | | | «Шөпте не жорғалайды. Жәндіктер» | II апта |
| | | | «Жайлауға қонаққа барамыз. Жануарларға қамқорлық» | III апта |
| | | | «Табиғатты аялайық» | IV апта |
| 9 | Мамыр | «Әрқашан күн сөнбесін» | «Достық біздің тірегіміз» | I апта |
| | | | «Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз» | II апта |
| | | | «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» | III апта |
| | | | «Көңілді жаз» | IV апта |

**Қыркүйек айының I аптасы**
**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**
**І-апта тақырыбы: «Менің балабақшам»**
**Мақсаты:** Балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру. Балабақшаға деген сезімдерін қалыптастыру.Достарын сыйлауға, құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2,5** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3,0** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру (3) | Сөйлеуді дамыту. (1)<br>Көркем әдебиет. (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Математика негіздері (1)<br>Құрастыру. (0,5). Жаратылыстану (1) | Сурет салу. (1). Мүсіндеу. (0,25)<br>Жапсыру. (0,25). Музыка (1,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |

| Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту | Математика негіздері | Сурет салу | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Балабақша екінші үйіміз».(тәрбиеші,күтуші туралы).**<br>**М\ы:** Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру.Балабақшаның балалары көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру. Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу.Балаларды мейірімді болуға баулу<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Бір және көп»**<br><br>**М\ы:** Заттар жиынтығын салыстыруды ,бір зат қайда, көп зат қайда тұратынын ажыратуды үйрету.Біртекті заттардан топ құрастыру және олардың бөліп көрсету. Зерделілікке тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Топқа саяхат».**<br>(Балабақшаның топ бөлмесіндегі жабдықтарымен танысу)»<br>**мыс** ( жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқтар) таныстыру, олардың неге арналғандарын түсіндіру, Заттардың белгілері мен пайдалану, жасалған материалдарының сапасы мен ерекшелігін өздіктерінен анықтап, заттарды үйлесіміне қарай сипаттай білуге үйрету. Заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту. Балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу.<br>**Құрастыру**<br>**Балабақша айналасындағы қақпалар.**<br>**Мақсаты:** Тік төртбұрыш периметрі бойынша кірпіштерді белгілі бір аракашықтықта орналастыру арқылы құрылыс салуға үйрету.Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | **«Топқа саяхат».**<br><br>Түрлі-түсті қарындаштар.<br><br>**М\ы:** Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыру. Түзу сызықтарды жоғарыдан төмен бағытында жүргізуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Қыркүйек айының II аптасы**

**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

**Мақсаты:** Ойыншық түрлерімен таныстыру, заттардың қасиеттерін зерттеу әрекеттерін үйрету. Сөздік қорларын молайту,тіл байлығын дамыту,есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3**<br><br>**Маман жоспарымен** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**«Бізге қонаққа қуыршақтар келді»**<br><br>**М\ы:** Түрлі қуыршақтар туралы қысқа сипаттауды үйрету. .Заттардың белгілерін атауға, (үлкен, кішкентай қуыршақ, әдемі, сәнді көйлек, жағасы ақ). Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбие<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Қонаққа қуыршақ**<br><br>**Сәуле келді»**<br><br>**М/ы:** Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Балалардың мінез-құлқына қарапайым әдеп ережелерін (ойыншықтармен бөлісу) бекіту Ойын барысынд ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу. Балалар әрекетінде этикеттің қарапайым ережелерін бекіту | **Математика** негіздері<br><br>**«Таң.Үлкен-кіші. Бір –көп»**<br><br>**Мақсаты:** Таныс заттарды көлеміне (үлкен- кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету. Айналасындағы бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту. Шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Қонаққа қуыршақ**<br><br>**Сәуле келді»**<br>**М/ы:** Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Балалардың мінез-құлқына қарапайым әдеп ережелерін (ойыншықтармен бөлісу) бекіту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу. Балалар әрекетінде этикеттің қарапайым ережелерін бекіту. | **Сурет салу**<br><br>**«Қуыршақтың суреті»**<br>**»**<br><br>**М\ы:** Сылдырмақ туралы түсінік беру, Ойыншықты сала білуге үйрету, көркемдік талғамын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br><br>**«Шарлар»**<br>**М/ы:** Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, бейнелеу іс-әрекетіне баули отырып, көңіл-күй сыйлай білуді үйрету. Желіммен жұмыс жасауға үйрету, жапсыру тәсілдерін меңгерту.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>**«Ойыншықтар»**<br>**М/ы:** Әртүрлі ойыншық түрлерімен таныстыру, заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырата білу дағдысын меңгерту, зерттеу әрекетіне қызығушылықтарын ояту, сөздік қорларын дамыту. |

**Қыркүйек айының ІІІ аптасы**

**Тақырыбы: «Біздің табиғат бұрышымыз»**

**Мақсаты:** Балалардың табиғат бұрышы туралы түсініктерін қалыптастыру, ондағы еңбек ірекеттерін үйрету**.** Табиғат,тіршілік,қоршаған орта арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру.

| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Әңгіме құрастырамыз»**<br><br>**М\ы:** Сурет бойынша әңгіме құрастыру, зат есім мен сын есімді байланыстыру арқылы қарапайым оқиғаны ойдан шығаруға үйрету. Сұрақ-жауап арқылы баланың тілін, зейіні, есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғат бұрышына қамқор<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Заттар»**<br><br>**М\ы:** Бір және көп ұғымымен таныстыру. Заттарды санау және салыстырудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Табиғат бұрышы»**<br>**М/ы:** Балаларды тірі табиғат түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Сөздік қорларын (құстың жүні, мамығы, қанаты) деген сөздермен толықтыру. Құстардың суреттерін көрсету арқылы зейіндерін және білуге деген құштарлықтарын арттыру. Тірі табиғат түрлеріне деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Құрастыру.**<br><br>**«Құс»**<br><br>**М\ы:** Балаларға қағазды умаждау арқылы құстың бейнесін жасай білуге,умаждалған қағазды белгіленген жерге дұрыс орналастыра алуға үйрету,ұқыпты жұмыс істей білуге дағдыландыру,құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | **«Табиғат бұрышы»**<br><br>**М\ы:** Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға ,аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспар** | |

**Қыркүйек айының IV аптасы**

**Тақырыбы: «Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»**

**Мақсаты:** Балаларды ауладағы үлкендердің еңбегімен таныстыру. Үлкендер еңбегі туралы түсініктерін қалыптастыру. Оларға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Ойыншық дүкені»**<br><br>**М\ы:** Балаларды сұрақ – жауап әдісін арқылы әңгіме құрастыра білуге машықтандыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты , таза ұстауға үйрету.<br><br>Сатушының еңбегі туралы түсініктерді дамыту, ойыншықтардың атауларын үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Шалқан » орыс халық ертегісі**<br><br>**М/ы:** Балаларды ертегі кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білу, интонациясын қабылдау дағдыларын дамыту. | **«Шеңбер» «Бір көп»**<br><br>**М\ы:** Күндіз тәулік бөлігімен таныстыру. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету.Шеңбер туралы түсінектерін қалыптастыру, заттарды салыстыра білуге үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Аула сыпырушының еңбегі»**<br>**М/ы:** Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейте отырып, аула сыпырушының еңбегін бақылау. Бақылау арқылы үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **«Ұзын жолдар»**<br><br>**М\ы** Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу.**<br><br>**«Құмға арналған қалақ»**<br><br>**М/ы:**Құрылысшы еңбегімен таныстыру. Қалақ туралы түсінік беру, саусақ бұлшық еттерін дамыту. Мүсіндеу тәсілдерін меңгерту арқылы, еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Ағаштар»**<br><br>**Мақсаты:** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру.Жергілікті аймақта өмір сүретін екі үш ағаш түрімен таныстыру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. |

**Қазан айының I аптасы**
**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**
**I-апта тақырыбы: «Менің отбасым»**
**Мақсаты:** Отбасы мағынасын түсіндіру, әке мен шешенің отбасындағы ролі туралы түсініктерін қалыптастыру. Отбасы мүшелеріне құрметпен ,сыйластықпен қарауғ тәрбиелеу.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру (3)<br>Маман жоспарымен | Сөйлеуді дамыту. (1)<br>Көркем әдебиет. (0,5)<br>Орыс тілі (0,5) | Математика негіздері (1)<br>Құрастыру. (0,5)<br>Жаратылыстану (1) | Сурет салу. (1).<br>Мүсіндеу. (0,25)<br>Жапсыру. (0,25).<br>Музыка (1,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика** негіздері | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Әкем, шешем және мен тату-тәтті отбасы»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ата-аналары, туыстары жайында сурет көрсетіп әңгімелеу арқылы отбасы мағынасын түсіндіру, әке мен шешенің отбасындағы ролі туралы мағлұмат беру. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен толықтыру. Отбасын қадірлеуге тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тіл-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Әртүрлі заттар тобын салыстыру және теңестіу».**<br><br>**Мақсаты:** Бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Баланың көру жадын және ойлау қабілетін дамыту. Жағымды сезімталдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру.**<br><br>**«Қақпа» (биік-аласа) (құрылыс материалдарынан**)<br><br>**М/ы:** Балаларға бөлшектерді қою және орналастыру әдістерін пайдаланып, қажетті материалдарды таңдай білуін бекіту.Бір бөлшекті екіншісімен алмастыру арқылы биік, аласа қақпаларды құрастыруға дағдыландыру.Бір-біріне кедергі келтірмей жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Менің отбасым»**<br><br>**М/ы:** Балаларды бағдаршаммен және оның қызметімен таныстыру. .Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Көшедегі мінез-құлық ережелерін бекіту. Жағымды мінез-құлыққа тәрбиелеу. | **«Әртүрлі орамалдар»**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың отбасылары туралы түсініктерін дамыту. Орамалдар олардың пішіндері туралы түсінік беру. Үшбұрышты орамалды салып, оларды бояуға үйрету.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен.** | |

**Қазан айының II аптасы**
**Тақырыбы: «Менің көшем»**
**Мақсаты:** Балалардың бағдаршам, жолда жүру ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру, жолда қауіпсіз жүру дағдыларын дамыту.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Бағдаршам-біздің досымыз»**<br><br>**М\ы:** Балаларды бағдаршаммен, жолда жүру ережелерімен таныстыру Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорларын дамыту. Жаяу жүргіншінің өзін-өзі ұстау мәдениетін тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Қайырымдылық»**<br><br>**М/ы:** Адамның жүріс-ерекшеліктерін бағалауға үйренуді жалғастыру. Өзге адамға мейірімділікті, қамқорлықты қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. Жаңымды мінез-құлық ережелеріне тәрбиелеу. | **«Кеш. Үлкен—кіші. Бір –көп»**<br><br>**Мақсаты:** Тәулік ұғымымен таныстыру.Таныс заттарды көлеміне (үлкен- кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Айналасындағы бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту. Шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Бағдаршамның көздері»**<br>**Мақсаты:** Балаларды бағдаршаммен және оның қызметімен таныстырып, қиылған дайын пішіннен бағдаршам бейнесін жасауға үйрету. Желімдеудің техникасын меңгерту. | **«Жол бойымен арба келеді»**<br><br>**М\ы:** Арба көліктің бірі екендігі туралы түсініктер беру. Қылқаламмен заттық сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br><br>**«Бағдаршам»**<br>**М/ы:** Бағдаршам туралы түсініктерін қалыптастыру, ермексаздан бағдаршам мүсіндеуге үйрету. Саусақтың ұсақ маторикасын дамыту. Ұқыпты жумыс жасау дағдыларына тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Жолда жүру ережесі»**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды қарапайым жолда жүру ережелерімен таныстыру. Жаяу жүргінші жолы, жиек жол, жол өтпелері туралы түсініктер беру. Жолда жүру ережелерін сақтауға, тәрбиелеу. |

**Қазан айының ІІІ аптасы**
**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**
**Мақсаты:** Мамандық түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Үлкендер еңбегіне қызығушылықтарын арттыру.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика** негіздері | **Сурет салу** | |
| **Маман жоспарымен** | **«Көліктің бізге көмегі»**<br><br>**(мамандық -жүргізуші, ұшқыш ,машинист) ойыншықтар бойынша суреттеу»**<br><br>**Мақсаты:** Мамандық түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай | **«3 затты ажырату»**<br><br>**Мақсаты:** 3 затты ажырату, салыстыру.Таныс пішіндерді шеңбер, төртбұрыш, үшбұрышты атай білу. Шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру.** | **«Алжапқышты әшекейлейміз»**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою-өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.<br><br>**Орыс тіл-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Менің тату отбасым»**<br><br>**Мақсаты:** Құрылыс материалдарын пайдаланып, бір немесе көп қабатты үйлерді және мұнараларды құрастыра білуге үйрету,олардың өзара қатынасы мен ерекшеліктеріне сәйкес құрастыру дағдыларын қалыптастыру,өзара қарым-қатынас жасай білу мәдениетін тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Мамандықпен танысайық. (аспазшымен)»**<br>**Мақсаты:** Мамандықтар туралы түсінік беру, әр түрлі мамандықтармен таныстыру.Есту зейінін жетілдіру,сөйлеуді нақышымен айқын сөйлеу,заттың атынан әрекеттер жасай білуге үйрету,қоршаған орта нысандарына деген танымдық қызығушылықты дамыту,адам еңбегінің қарапайым заңдылықтары мен тәуелділіктері туралы түсінуге,еңбектің қошаған өмірдегі мағынасын түсінуге үйрету. | алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | | |

**Қазан айының IV аптасы**
**Тақырыбы: «Алтын күз»**
**Мақсаты:** Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br><br>**Маман** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика** негіздері | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **жоспарымен-3** | **«Күз келді» (сурет бойынша әңгімелеу)»**<br><br>**Мақсаты:** Педагогтің көмегімен табиғат көріністерін сипаттау бойынша қысқа әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Сөйлеу кезінде зат есімдерді жекеше, көпше түрде, .қимыл-әрекетті білдіретін етістіктерді дұрыс таңдап, оларды қолдана білуді үйрету.Балаларға жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын молайту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Күз» (Өлең) Ілияс**<br><br>**Жансүгіров**<br><br>**Мақсаты:** Күз туралы білімдерін тиянақтау.Өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айту дағдыларын қалыптастыру.Сөздік қорларын молайту.Байланыстырып сөйлеу тілін,көркемдік талғамын қимыл-қозғалысын дамыту. | **«Түн. Шеңбер.**<br><br>**Бір –көп.»**<br><br>**М\ы:** Түн тәулік бөлігімен таныстыру. Уақытты бағдарлай білуге үйрету. Шеңбер туралы түсініктерін қалыптастыру,заттарды салыстыра білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**«Жомарт күз»**<br><br>**М/ы:** Балалардың күз айының қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатта ауа райында, өсімдік әлемінде, адамдардың киімінде қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету. Күз, табиғат құбылыстары, көкөністер мен жеміс-жидектер жайлы, олардың өсетін жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған әлемнің сұлулығы мен оған қамқорлыққа тәрбиелеу. | **«Алтын күз»**<br><br>**М\ы** Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету.Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу.**<br><br>**«Қоянға арналған**<br><br>**сәбіз»**<br><br>**М/ы:** Сопақша пішінді және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеуді үйрету, сондай-ақ ермексазды дұрыс қолдану жолдарын дамыту. Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Жеміс бағына**<br><br>**саяхат»**<br><br>**Мақсаты:** Жемістер туралы түсініктерін , жемістер бақта өсетіні туралы ұғымдарын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдауға, табиғатқа деген мейірімділікке тәрбиелеу. |

**Қараша айының І аптасы**

**Өтпелі тақырып : «Дені саудың жаны сау»**
**Апта тақырыбы:  «Пайдалы көкөністер»**
**Мақсаты:** Көкөністер туралы олардың пайдасы жөнінде балалардың түсініктерін дамыту.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру (3) | Сөйлеуді дамыту. (1)<br>Көркем әдебиет. (0,5)<br>Орыс тілі (0,5) | Математика негіздері  (1)<br>Құрастыру. (0,5)<br>Жаратылыстану (1) | Сурет салу. (1).<br>Мүсіндеу.  (0,25)<br>Жапсыру . (0,25).<br>Музыка (1,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
| **Дене шынықтыру-** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3**<br>**Маман жоспарымен** | **« Бақшаға серуен»**<br>**Мақсаты**: Көкөністерді таныстыра отырып, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Пішіндеріне қарай үлкею ретімен салыстыру»**<br><br>**Мақсаты:** Таныс заттарды көлеміне (үлкен- кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыру дағдысын дамыту.Бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру. Танымдық қызығушылықтарын дамыту.<br><br>**Құрастыру**<br><br>**«Көпір»**<br><br>Балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата білуге дағдыландыру.Педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып көпір құрастыра білуге үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**«Бақшаға біз барамыз»**<br><br>Көкөністер туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру.Көкөністердің бақшада өсетіндігі туралы білімдерін тиянақтау.Көкөністерді сезім мүшелері (көру, дәм, сезу, сипап көру) арқылы пішінін, дәмін, түсін анықтай білуді үйрету. Күз айындағы адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. | **«Сәбіз»**<br><br>Балалардың қылқаламмен бояу дағдыларын қалыптастыру, қызығушылықтарын арттыру. Сопақ заттардың суретін салуға, олардың көркемдік сипатын бейнелеуге үйрету.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Қараша айының II аптасы**
**Апта тақырыбы: «Жеміс бағында»**
**Мақсаты:** Жемістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Жемістің түрлерімен таныстырып,оларды бір-бірінен түсі,пішіні ,дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | ***Жемістер бағына саяхат*** <br> **Мақсаты**: Жемістер туралы түсініктерін дамыту.Сөйлеу тілінде бірыңғай мүшелерді дұрыс айту,зат есімдерді көмекші сөздермен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорларын көбейту. <br><br> **Көркем әдебиет** <br><br> **« Жемістер жыры»** <br><br> **М/ы**: Балалардың жемістер туралы түсініктерін дамыту. Оқылған өлеңнің мазмұнын түсіну, өлеңді жаттау. Жемістердің пайдасын білуге тәрбиелеу. | **«Оң жақта- сол жақта.Заттарды сәйкестендіру.Дөңгелек.»** <br><br> **М\ы:** Оң жақта- сол жақта кеңістік түсініктерін қалыптастыру, өзінен тікелей бағыттағы кеңістікті ажырата білуге үйрету.Қағаздың оң жақ - сол жақ бетін таба білуді үйрету.Берілген тарсырманы орындауға үйрету. <br><br> **Жаратылыстану** <br><br> **«Шақырамыз күзді, шын ниетпен ізгі.** <br> Балаларға жыл мезгілдері туралы ұғымды қалыптастыру. Табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау дағдыларыын қалыптастыру. <br> Табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. | **«Жеміс ағашы»** <br><br> Күз бояулары туралы ұғымдарын бекіту. Алманы дәстүрден тыс әдіспен губканың көмегімен салуды үйрету. Гуашпен сурет салу машығын дамыту. <br><br> **Жапсыру** <br><br> **Тиінге арналған саңырауқұлақтар** <br><br> Балаларға бірнеше дайын бөлшектерден құрастыру тәсілімен саңырауқұлақтар бейнесін жасауды үйрету. Бөлшектерді желімдей білу және оларды кеңістікте дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту. <br><br> **Музыка-1** <br><br> **Маман жоспарымен** | **«Жемістер»** <br><br> Балалардың жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Жемістердің түсін, пішінін ажырату және атау, зерттеу дағдыларын қарастыру.Табиғатқа деген мейірімділікке тәрбиелеу. |

**Қараша айының ІІІ аптасы**
**Апта тақырыбы: « Менің көмекшілерім»**
**Мақсаты:** Өзі туралы, дене мүшелері түсініктерін қалыптастыру.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Менің көмекшілерім»**<br><br>**Мақсаты:** Дене мүшелерін ажыратуға ,атауға үйрету. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Пішіндерді салыстыру»**<br><br>**М\ы:** Геометриялық пішіндерді көлеміне (үлкен- кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету. Пішін түрлерін зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Менің кішкентай көмекшілерім»**<br><br>**М\ы:** Балаларды көз, құлақ мұрын, тіспен таныстыра отырып ,дене мүшелері туралы білімдерін жетілдіру, дене мүшелерінің адам өміріндегі маңызын түсіндіру оларды күтудің жолдарын үйрету, балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа баулу.<br><br>**Құрастыру.**<br><br>**«Фотоапарат(қағаздан құрастыру»**<br><br>**М/ы**:Таныс әдістерді қолдана отыра, фотоапаратты қағаздан жасауға үйрету және қағазбен жұмыс жасауға дағдыландыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **«Әжемнің жіп шумактары»**<br><br>**М/ы:**Дөңгелектердің суретін салуды үйрету. Салынған пішінді штрихтау дағдыларын қалыптастыру. Саусақ икемділігін дамыту.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Қараша айының IV аптасы**
**Тақырыбы: «Күн, ауа, су-біздің достарымыз»**
**Мақсаты: :** Күн, су, ауаның адам өміріне маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Суды жақсы көремін, таза болып жүремін»**<br>**Мақсаты: Судың қасиеті туралы түсінік беру.**<br>Суды бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуге үйрету. Берілген сұрақтарды тыңдап, түсіне білу дағдыларын қалыптастыру**.** Сөздік қорларын , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тазалыққа тәрбиелеу<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Күн»өлеңі Г.Абдрахманова**<br>**М/ы:** Өлең оқылған кезде мұқият тыңдау дағдыларын жетілдіру. Жаттау кезінде тілдерін жаттықтыру, топ болып айта білуге тәрбиелеу. | **«Таң,күндіз, кеш, түн.**<br>**М\ы:** .Тәулік бөліктерін тану және атау дағдыларын қалыптастыру.Тәуліктің қарама-қарсы мезгілдерін айыра білу:таңертең -кеш,күндіз-түн,үлкендер мен балалардың іс-әрекетінен тәулік мезгілдерін ажырата білу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**«Су-өмірдің нәрі»**<br>**М/ы:** Судың қасиеттері туралы түсініктерін дамыту.<br>Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу, танымдық қызығушылықтарын арттыру. | **«Күннің көзі»**<br>**М\ы:** Дөңгелек пішінді күннің көзін салуды үйрету. Қарапайым табиғат құбылыстарын бейнелеуге баулу. Табиғатты сүюге, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**«Күн шапағы»**<br>**М/ы:** Ермексазды алақанға салып, айналдыра отырып, домалақ пішінге келтіру тәсіліне жаттықтыру, күн шапағын есу арқылы таяқшаға келтіру әдісімен мүсіндету.<br>**Музыка-1**<br>**Маман жоспарымен** | **«Шынықсаң шымыр боларсың»**<br>**М/ы:** Күн,ауа,сумен шынықтыру пайдасы маңызын үйрету.Өз денсаулығын күту дағдысын қалыптастыру.Табиғатты бағалауға, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. |

**Желтоқсан айының І аптасы**

**Өтпелі тақырып : «Менің Қазақстаным»**
**Тақырыбы:  «Менің Отаным Қазақстан»**
**Мақсаты: :** Балалардың Қазақстан  Республикасы  туралы  түсініктерін  қалыптастыру.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру (3) | Сөйлеуді дамыту. (1)<br>Көркем әдебиет. (0,5)<br>Орыс тілі (0,5) | Математика негіздері (1)<br>Құрастыру. (0,5). Жаратылыстану (1) | Сурет салу. (1). Мүсіндеу.  (0,25)<br>Жапсыру. (0,25). Музыка (1,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Е.Елеубаевтың «Мемлекеттік ту» өлеңі»**<br>**М/ы**: Балаларға мемлекеттік рәміздер туралы түсінік беру.Шағын өлеңді жаттау дағдыларын қалыптастыру. Туға құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі-1**<br>**Маман жоспарымен** | **«Пішіндердің ұзындығын салыстыру.»**<br>**М\ы:** Геометриялық фигуралары атау және тану, Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Қағаз бетінде бағдарлауды жалғастыру.<br>**Құрастыру**<br>**«Жалаушалар**<br>(қағаздан құрастыру)**».**<br>**М/ы**: Қағазды бүктеу тәсілін пайдалана отырып, жалаушаларды құрастыруды үйрету. Туған жерін сүйе білуге, іскерлікке тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**«Мен тұратын ауыл.»**<br>**М/ы**: Өздері тұратын қала (ауыл) туралы білімдерін қалыптастыру. Туған қалаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **«Қала жолдары.»**<br>**М/ы:** Өздерінің көргендерін елестеу арқылы ойлау бойынша дербес сурет салу дағдыларын қалыптастыру.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Музыка-2**<br>**Маман жоспарымен** | |

**Желтоқсан айының II аптасы**
**Тақырыбы: «Қазақстанның жануарлар әлемі»**

**Мақсаты:** Балаларға қазақстанда мекендейтін жануарлар туралы түсінік беру, танымдық қасиеттерін дамыту.

| Денсаулық-3 | Қатынас-2 | Таным-2,5 | Шығармашылық-3 | Әлеумет-0,5 |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Т.Бердияровтың**<br><br>**«Сұр қоян» өлеңі».**<br><br>**М/ы**: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру. Жаттау кезінде кейіпкерлердің бейнесін ,мінез-құлқын дұрыс жеткізуге тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Үш аю» ертегісі.»**<br><br>**М/ы**: Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу. Жүйелі сөйлеу дағдыларын дамыту. | **«Шаршы.Ұзын-қысқа.Оң жақта-сол жақта.»**<br><br>**М\ы:** Геометриялық фигуралары атау және тану,шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру.Ұзындығы жағынан бір-біріне қарама қарсы затты(ұзын-қысқа) салыстыру. Кеңістікті бағдарлауды жалғастыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Жабайы жануарлар».**<br><br>**М/ы**: Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін жабайы жануарлар туралы ұғымдарды қалыптастыру. Жануарлаға қамқорлық сезіміне тәрбиелеу. | **«Ұзын құлақ сұр**<br><br>**қоян»**<br><br>**М/ы:** Әр түрлі тәсілдерді қолданып, ақ қағаз бетіне ұзын құлақ сұр қоянның бейнесін салуды үйрету.Ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу. Саусақ қимылдыарын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br><br>**«Ормандағы аңдар.».**<br><br>**М/ы**: Қиылған аңдарды жапсырып, жалпы композиция құрастыруға үйрету. Бейнені орналастыру кезінде, олардың арасындағы арақашықтықты сақтау заңдылығын қалыптастыру.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Үй жануарлары,**<br><br>**жабайы аңдар».**<br><br>**М/ы:** Үй және дала жануарларының ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту;табиғатқа,ондағы тіршілікке қамқор болуға тәрбиелеу. |

**Желтоқсан айының III аптасы**

**Тақырыбы:  «Туған өлкенің өсімдіктері»**

**Мақсаты: :  Балалардың  туған  өлке  туралы,  туған  өлкенің  өсімдіктері  туралы  түсініктерін  қалыатастыру.**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Жаратылыстану** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Жасыл шырша жанында»**<br><br>Өлең мазмұны бойынша әңгіме құрастыру, жаттау)<br><br>**Мақсаты:**.Зат есім,сын есімдерді байланыстырып айтуға үйрету. Шағын тақпақты тез жаттау дағдысын қалыптастыру.<br><br>Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Бөлме өсімдіктері».**<br><br>**М/ы:** Бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазатамақ, бегония) олардың айырмашылықтары туралы білімдерін қалыптастыру. Бөлме өсімдіктерін күтуге, еңбекке баулу.<br><br>**Математика негіздері.**<br><br>**«Пішіндерді салыстыру.Жоғары-төмен.»**<br><br>**М\ы:** Кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Жоғары-төмен. Оң жақта-сол жақта ұғымын айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеттерін дамыту.<br><br>**Құрастыру.**<br><br>**«Шырша»**<br><br>**М/ы**: Жаңажылдық мерекеге дайындық ретінде қағаздан шыршаны қиып, бүктеп жасай білуге үйрету. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | **«Күн жарқырап, шөп шықты».**<br><br>**М/ы:** Тік сызықтардан шөп салуды, шөптерді қылқаламның көмегімен бояу тәсілін қалыптастыру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Желтоқсан айының IV аптасы**
**Тақырыбы: «Ғажайып қыс»**

**Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру, табиғатты сүюге тәрбиелеу.**

| Денсаулық-3 | Қатынас-2 | Таным-2,5 | Шығармашылық-3 | Әлеумет-0,5 |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту | Математика негіздері | Сурет салу | Қоршаған ортамен танысу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Қысқы серуен»**<br><br>**М\ы:** Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту.Сөз тіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру. Ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Е.Өтетілеуұлы. «Шырша»**<br><br>**М/ы:** Шығарманы мұқият тыңдауға, кейіпкерлерді ойнағанда, интонациясын қабылдауға үйрету. табиғаттың әсемдігін сезініп, сүйе білуге тәрбиелеу, сөздік қорларын молайту. | **«Алыс- жақын Шаршы».**<br><br>**М\ы:** Заттардың суреттегі және өзіне тікелей байланысты орналасқан кеңістіктегі орналасқан заттар туралы ұғым қалыптастыру.Атап көрсету жіне ажырату(алыс –жақын) Заттардың кеңістікте орналасуын ажырату.Бірігіп ұжым болып жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Бізге қар ұнайды»**<br>**М/ы:** Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау дағдысын қалыптастыру. Желімдеу техникасын меңгеру. Іскерлікке тәрбиелеу. | **«Шырша»**<br><br>**М\ы:** Ойлауы бойынша көрнекіліксіз шырша ағашын салып, жасыл түспен бояу. Оны әсемдеу дағдысын дамыту.<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**«Шана»**<br><br>**М/ы:** Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қарым-, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін үйрету.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Қыс»**<br><br>**М/ы:** Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсінік беру, табиғатты бақылап, өзгерістерді байқауға үйрету, қыстағы ойындардың мазмұнын түсіндіру, қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру. |

**Қаңтар айының І аптасы**

**Өтпелі тақырып: Бізді қоршаған әлем**
**Тақырыбы: «Біз калай киінеміз»**

**Мақсаты: :** Қыс мезгілінде киетін киім атауларын дұрыс айтуға, жыл мезгіліне қарай басқа киімдерден ажыратып, олармен салыстыра білуге үйрету.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру (3) | Сөйлеуді дамыту. (1)<br>Көркем әдебиет. (0,5)<br>Орыс тілі (0,5) | Математика негіздері(1)<br>Құрастыру. (0,5).<br>Жаратылыстану (1) | Сурет салу. (1).<br>Мүсіндеу. (0,25)<br>Жапсыру (0,25). Музыка (1,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Ғажайып қапшық** <br><br> **Дидактикалық ойыны** <br><br> **М/ы:** Матаның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту(мата жұқа, қалын, ақ және түрлі-түсті болуы мүмкін).Киімнің бөлшектерін (жең, жаға, қалталар) ажырату, атау және киімдерді маусымдар бойынша ажырата білуін үйрету.балалардың тілін заттың сапасы мен қасиетін білдіретін сөздермен толықтыру. <br><br> **Орыс тілі-1** <br><br> **Маман жоспарымен** | **«Пішіндеріне қарай үлкею ретімен салыстыру.»** <br><br> **М\ы:** Заттардың пішіні бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.Бір-бірінің үстіне қою және жанына қою тәсілін қолдана отырып салыстыра білуге үйрету, ойлау қабілетін дамыту. <br><br> **Құрастыру** <br><br> **«Әдемі қолғап»** <br><br> **М/ы:**Балаларға киімдерді таныстыра отырып, қағаздан қолғапты құрастыра білуге тәрбиелеу, ұқыпты жасап, тазалыққа баулу. <br><br> **Жаратылыстану** <br><br> **«Қуыршақты серуенге шығарамыз»** <br><br> Балаларға киім түрлері, киімнің адам өміріндегі маңыздылығы туралы түсінік беру. Заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды қалыптастыру.Танымдық қызығушылығын дамыту. Бір-біріне көмектесу дағдыларын тәрбиелеу | **Қуыршаққа арналған мойын орағыш** <br><br> Балалардың мойынорағышы туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда көлденең сызықтарды салу дағдыларын қалыптастыру Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. <br><br> **Музыка-2** <br><br> **Маман жоспарымен** | |

**Қаңтар айының ІІ аптасы**
**Тақырыбы: «Біздің үйдегі заттар. Жиһаз»**

**Мақсаты:** Жиһаз түрлері туралы түсінік беру. Олардың атауларымен таныстырып, сөздік қорларын молайту.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| ***Дене шынықтыру-3*** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **Не үшін керек ?** (шығармашылық тілді дамыту)<br><br>**М/ы**: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздерге қызығушылығын арттыру, зейінін жетілдіру, балалардың сөздік қорына антонимдер-мағынасы қарама-қарсы сөздерді енгізу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Айна» халық»** ертегісі<br><br>Шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және т.б) ажыратуға үйрету.Балаларды ертегіні түсініп,мазмұнын айта білу дағдысын қалыптастыру..Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.. | **«Жоғары-төмен, алыс-жақын**<br><br>**Мақсаты:** Заттардың және өзіне тікелей байланысты орналасқан кеңістіктегі орны туралы ұғымын қалыптастыру. Заттардың кеңістікте орналасуын ажырату және атау, көру қабілетін дамыту(алыс-жақын<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Тиінге арналған жиһаз»**<br>Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру.. Ойын арқылы танымдық қабілеттерін дамыту. Жиһаздарды жасаған үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | **«Түрлі-түсті таспалар»**<br><br>Бірнеше тік немесе көлденең сызықтарды салу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жолақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br><br>**«Алаша»**<br><br>Түрлі пішіндегі қазақ оюының кейбір элементтерін қағазға орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, Жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-1** | **Үй жиһаздары**.<br><br>Үй жиһаздарыныың қажеттілігі туралы түсініктерін дамыту. Зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Үй ішіндегі қауіпсіздік ережелеріне сақтауға тәрбиелеу. |

**Қаңтар айының ІІІ аптасы**
**Тақырыбы: «Куыршактың ыдыстары»**

**Мақсаты:** Балаларға ыдыс-аяқтар туралы түсінік беру, қоршаған орта туралы түсініктерін дамыту.

| Денсаулық-3 | Қатынас-2 | Таным-2,5 | Шығармашылық-3 | Әлеумет-0,5 |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Жаратылыстану** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Қуыршаққа шәй дайындаймыз»**<br>(дидактикалық ойын)<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен жаттығулар арқылы байыту.<br>Заттарды топтастыруға, оларды атай білуге (ыдыс-аяқтар-қасық, шанышқы, кесе, тостаған) үйрету Сөздік қорларын толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Орыс тілі -1**<br>**маман жоспарымен** | **Ыдыс-аяқтар.**<br>Балаларға заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдануды,бейтаныс заттардың атқаратан қызметтерін үйрету. Заттардың тобын білдіретін сөздерді меңгерту Қарапайым гигиеналық машықтарын тәрбиелеу.<br>Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу<br>**Құрастыру.**<br>**«Қуыршақтың үстелі»**<br>Үлгі бойынша қуыршаққа кіші құрылыс материалдарынан биік, аласа үстел жасауды үйрету, түсі, шамасы бойынша тану.Шығармашылық қиялы мен көркемдік талғамын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>**Шаршы, шеңбер, үшбұрыш**<br>Балаларды геометриялық фигуралар туралы түсініктерді қалыптастыру.Балаларға қоршаған ортадан басқа геометриялық фигураларға сәйкес келетін заттарды табуға,салыстыруға үйрету, зерттеудің тәсілдерін дамыту.Ықыластылыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **«Тәрелкені әшекейлейміз»**<br>Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, Ою –өрнектер элементтерінің суретін салу дағдыларын бекіту.бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру. Әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру.<br>**Музыка-2**<br>**Маман жоспарымен** | |

**Қаңтар айының  IV аптасы**
**Тақырыбы: «Жүреді жүзеді  ұшады.»**

**Мақсаты:** Балалардың көлік туралы білімдерін одан әрі жалғастыру.Әр көліктің өз жүргізушісі болатынын және оларды атай білге үйрету.

| Денсаулық-3 | Қатынас-2 | Таным-2,5 | Шығармашылық-3 | Әлеумет-0,5 |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған  ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Көлік түрлері» Жеңіл және жүк көліктері».** Балалардың көлік туралы білімдерін одан әрі жалғастыру.Сөйлеу мәдениетін жетілдіре отырып, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Жақсы деген немене, жаман деген немене? В. Маяковский.**<br><br>Өлеңдердің ырғағы мен ұйқасын білуге үйрету.<br><br>Жақсы мен жаман әдеттерді айыра білу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорларын дамыту. | **Үшбұрыш, Бір-көп. Логикалық тапсырмалар**<br>Балалардың геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру. Таныс заттарды көлеміне (үлкен- кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үшбұрышты нүкте бойымен бастыруға үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Жүреді, ұшады, жүзеді**<br>**М/ы:** Көліктер және олардың қолданысқа сай болуы туралы балалардың түсінігін дамыту, заттарды қарау, зерттеу.,олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін атай білуін бекіту. Үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | **«Менің жақсы көретін көлігім»**<br><br>**М\ы:** Көлік туралы түсініктерін кеңейту. Төртбұрышты пішіндегі заттарды бейнелеу, оларды дөңгелек пішіндегілермен үйлестіру. Саусақ бұлшық еттерін дамыту.<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**Ұшақ.**<br><br>Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды түсіндеуге үйрету. Қиялдау сезімдерін дамыту. Ұқыптылыққа, дербес іс-әрекет жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-1**<br>**Маман жоспарымен** | **Көліктер.**<br><br>Жерде жүретін және ұшатын қозғалыс құралдары туралы білімдерін бекіту. Көліктердің жеке бөліктерімен таныстыру. Көліктің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа баулу. |

**Ақпан айының I аптасы**

**Өтпелі тақырып : «Табиғат алемі»**
**Тақырыбы: «Кыс қызыктары»**

**Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қысқы ойын түрлері туралы ұғымдарын қалыптастыру.**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру (3) | Сөйлеуді дамыту. (1)<br>Көркем әдебиет. (0,5)<br>Орыс тілі (0,5) | Математика негіздері (1)<br>Құрастыру. (0,5). Жаратылыстану (1) | Сурет салу. (1). Мүсіндеу. (0,25)<br>Жапсыру. (0,25). Музыка (1,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
| **Дене шынықтыру-** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3**<br><br>**Маман жоспарымен.** | **«Шана тебеміз**(әңгіме құрастыру)<br><br>**М/ы:**Сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру. Үш-төрт сөйлемдік әңгіме құрап айтуға үйрету. Тәрбиешінің үлгісі бойынша әңгіме құрастыруға үйрете отырып, тебеміз, ойнаймыз атауларын бекіту және сөздерді дұрыс анық айтуға жаттықтыру, бір-біріне қамқор болуға ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Пішіндерді салыстыру».**<br><br>Геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау. Заттардың кеңістікте орналасуын ажырату және атау арқылы көру қабілетін дамыту(бір-көп).Бірігіп ұжым болып жұмыс жасауғ дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Құрастыру**<br><br>**«Қар жауып тұр**<br><br>(қағазды умаждап бекіту)<br><br>**М/ы:** Қағазды умаждау арқылы қар кесектерін жасауға болатынын түсіндіру, табиғат құбылыстары жайында қарапайым түсініктер беру, Балалардың бұлшық еттерін жетілдіру , сүйіспеншілікке тәрбиелеу<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Қармен ойнаймыз»**<br><br>Балаларды түрлі материалдармен таныстыру (қар түрлі болады, жылы ауа-райында қар жабысқақ, қардан қар кесектерінен түрлі пішіндерді жасауға болады). Балаларға қармен тәжірибе жасауға ұсыныс жасау, (қарды жылы жерге әкелсе ол ериді, егер суық жерге шығарса қатып қалады). Тәжірибе нәтижесін көру үшін баларды дербес әрекет етуге ынталандыру, қарапайым тәжірибе жүргізуге деген қызығушылығын арттыру. | **«Аққала**<br><br>Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту. Сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін қолдану. Ойлау бойынша дербес сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Ақпан айының II аптасы**

**Тақырыбы: «Айналамыздагы осімдіктер»**

**Мақсаты: Өсімдіктер туралы түсініктерін дамыту**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **Күнмен бірге саяхат** (тілдің граматикалық құрылысы)<br><br>**М/ы:** Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдану.Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді астында, үстінде, артында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.Сурет бойынша әңгіме айту дағдыларын жетілдіру.<br><br>.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«М М.Зайтов. «Ағаштар»**<br><br>**М/ы: Сурет бойынша** Шағын шығарманы тыңдап, мазмұнын айта білу, қойылған сұраққа толық жауап беру дағдыларын жетілдіру. Шығарманы талдауға үйрету. | **Жоғары-төмен, оң жақта, сол жақта.**<br><br>Заттардың кеңістіктегі орны туралы (сол жақ –оң жақ, жоғары-төмен) ұғымдарын дамыту. Заттардың кеңістікте орналасуын ажырату және атау арқылы көру қабілетін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Күн сәулесі.**<br><br>Қоршаған ортадағы табиғат түрлерірінің кеңістіктегі ролі туралы дағдыларын қалыптастыру. Күн сәулесінің пайдасы туралы түсініктерін дамыту. Табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **«Қар жамылған ағаштар»**<br><br>**М/ы**: Қыс мезгілі туралы түсініктерін дамыту, сюжеттік сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Қылқаламмен түстерді араластырмай бояу, ой-қиялдарын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br><br>**Қоянға арналған баспалдақ.**<br><br>Қағаз бетінде бағдарлай білу түсініктерін нақтылау. Заттардың орналасу, олардың арасында арақашықтықтың сақталу заңдылығы дағдыларын дамыту. Жапсырудың әдіс-тісілдерін жетілдіру.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Үрмебұршақты отырғызу».**<br>Үрмебұршақты отырғызу арқылы, өсімдіктердің көбеюі туралы алғашқы білім беру. Тұқым отырғыза білу дағдыларын игерту. Еңбекқорлыққа баулу. |

**Ақпан айының III аптасы**

**Тақырыбы: «Жануарлар әлемі»**

**Мақсаты: Жануарлар әлемі туралы түсініктерін дамыту.**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Менің сүйікті мысығым»**. тақырыбына әңгіме құрастыру.<br><br>**М/ы:**Сурет бойынша әңгіме құрау дағдыларын дамыту. Сөздік қорын сөздік ойындар м ен жаттығулар арқылы байыту. Сөздегі кейбір дауысты және дауыссыз (п-б, т-д, к-г, с-з) дыбыстарды анық айта білу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен.** | **Тәулік бөліктері.**<br><br>Тәуліктің мезгілдерін (таңертең ,күндіз, кеш, түн) ажырата білу дағдыларын жетілдіру. Балаларға тәулік мезгілдерінің суретін кезектілікті сақтай отырып орналастыруға тәсілдерін үйрету. Шапшаң ойлауға тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру.**<br><br>**Құстарға астау жасаймыз** (құрылыс материалдарымен )<br><br>**М/ы:** Ұсақ құрылыс бөліктерін көлеміне қарай біріктіріп, бір тұтас затты құрастыру дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, құстарға қамқор болуды үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Жабайы аңдардың тіршілігі.**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың жабайы аңдар туралы, өздеріне таныс жануарлардың сыртқы ерекшеліктері, қысқы тіршілігі туралы білімдерін бекіту**.** Жабайы аңдарға, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | **«Сүйікті ойыншықтар»**<br><br>Жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру. Түстерді тану, негізгі түстер мен олардың реңктерін дұрыс қолдана білуін жетілдіру. Әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Ақпан айының IV аптасы**
**Тақырыбы: «Кустар біздін досымыз.»»**

**Мақсаты: :** Құстар туралы, олардың табиғаттағы орны туралы түсініктерін дамыту.

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **Д/О «Не қалай дыбыстайды?» (әтеш, тауық, торғай, сауысқан)**<br>Зат есімдер мен көмекші есімдерді байланыстырып сөйлеуге үйрету.Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.Берілген сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Шұбар тауық»**<br>**ертегісі.**<br>**М/ы:** Ертегі мазмұнын түсініп, бірізділігін бұзбай айтуды үйрету. Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық таныу дағдыларын дамыту.<br>Үй құстарын күте білуге тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. | **Ұзын-қысқа. Фигуралар туралы түсініктер.**<br>Әр түрлі пішіндердегі заттарды салыстыра білу. Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені бойынша беттестіру арқылы салыстыру дағдыларын дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**«Қыстап қалатын құстар»**<br>Балаларды құстардың қысқы тіршілігімен таныстыру.Табиғатты зерттеуге,танып –білуге деген құштарлықтарын ояту. Табиғатқа қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. | **«Құстар»**<br>Құстардың суретін сала білуге үйрету,сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап,қорғай білуге тәрбиелеу<br>**Мүсіндеу**<br>**«Құстың ұясы**<br>**М/ы:** Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды , құстарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру**.** Домалатылған пішінді жаншу,жалпақтау тәсілімен ұялы мүсіндеуді үйрету;ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу;шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.<br>**Музыка-1**<br>**Маман жоспарымен** | **«Үй құстары мен дала құстары.**<br>**М/ы:** Құстар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй құстары мен дала құстарын ажырата білуге үйрету, құстарды сипаттауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |

**Наурыз айының I аптасы**

**Өтпелі тақырып : «Салттар мен фольклор»**
**Тақырыбы: «Аналар мерекесі»**

**Мақсаты: : 8-наурыз аналар мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру, аналарын құрметтеуге тәрбиелеу.**

| **Денсаулық-3**<br><br>Дене шынықтыру (3) | **Қатынас-2**<br><br>Сөйлеуді дамыту. (1)<br><br>Көркем әдебиет. (0,5)<br><br>Орыс тілі (0,5) | **Таным-2,5**<br><br>Математика негіздері<br><br>(1)<br><br>Құрастыру. (0,5). Жаратылыстану (1) | **Шығармашылық-3**<br><br>Сурет салу. (1). Мүсіндеу. (0,25)<br><br>Жапсыру. (0,25). Музыка (1,5) | **Әлеумет-0,5**<br><br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математикка негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Менің сүйікті анам» (тәжірибе бойынша әңгіме құрау)**<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыруды үйретуді жалғастыру, алгоритмдік ойлау машықтарын дамыту.Сөз тіркестерін (анам мейірімді, қамқоршы, әдемі, балаларды жақсы көреді, оларға қамқоршы), сөздерді және дыбыстарды анық, дауыстап айтуға жаттықтыру.Анасы туралы пікірін тиянақты, еркін жеткізе білуге талпындыру.Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Түстер мен пішіндер».**<br><br>Геометриялық пішіндер туралы түсініктерін жетілдіру. Бір-бірінен ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Түстері мен пішіндері бойынша топтастыру дағдыларын дамыту . Бірігіп ұжымдасып жұмыс жасауға үйрету.<br><br>**Құрастыру**<br><br>**«Анама сыйлық. «Бақбақ»**<br><br>Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, анаға сыйлық жасау үшін қағаздан шыйыршықтау және бүктеу арқылы бақбақ жасай білуге үйрету, ата-ананы сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«8 наурыз аналар мерекесі»**<br><br>Халықаралық әйелдер мейрамы -8 Наурыз мерекесімен таныстыру. Аналарды тек мереке күні ғана емес, күн сайын сыйлау, қадірлеу керектігін балалардың саналарына ұғындыру Әдепті болуға тәрбиелеу. | **«Анамызға арналған моншақтар»**<br><br>Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпті гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екенін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Наурыз айының ІІ аптасы**

**Тақырыбы: «Қазақ  халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»**

**Мақсаты: Балаларды халық  ауыз  әдебиеті  түрлерімен таныстыру. Халқын сүюге  тәрбиелеу**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Менің елім Қазақстан»**<br><br>Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылықтарын ояту. Сөйлеу мәдениетін жетілдіре отырып, байланыстырып сөйлеуге талпындыру.Балаларды өз қаласының көрікті жерлерін атай білуге, оны мақтан тұтуға тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Қасқыр мен жеті лақ»**<br><br>Сурет бойынша таныс ертегіні тануға, сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ертегіні оқу, тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын дауыс ырғағымен келтіре айтуға жаттықтыру. Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. | **«Биік-аласа», «Бір-көп»**<br><br>Таныс заттарды көлеміне (биік-аласа) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету.<br><br>көк заттан және бір затты таба білу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Ұлттық киімдер»**<br>Қазақтың ұлттық киімдері және ою-өрнектері туралы түсінік беру Танымдық қызығушылықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын кеңейту. Өз елінің дәстүрін сыйлауға тәрбиелеу. | **«Кілемше»**<br><br>Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету, кілеммен таныстыру. Кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру, әсемдікті сезінуге көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br><br>**«Әжеме арналған моншақтар»**<br><br>Түстер туралы түсініктерін нақтылау, моншақты түстерді орнын ауыстырмай кезектестіре отырып қағаз бетіне орналастыру. Жапсыру, желімдеу дағдыларын дамыту.Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Наурыз-көктем мерекесі»**<br><br>Балаларды ұлттық наурыз мерекесімен қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру. Дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.Халқымыздың салт-дәстүрлерін әңгімелеп беру арқылы, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мейірімді, қонақжай болуға тәрбиелеу. |

**Наурыз айының ІІІ аптасы**

**Тақырыбы: «Біздің салт-дәстүріміз»**

**Мақсаты: Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беріп, қазақтың салт-дәстүрімен таныстыру**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Армысың Наурыз»**<br><br>Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру. Сөйлеу қарқынын өзгерте білуге үйрету; баяу сөйлеу, жаңылтпаш оқу.Халқымыздың салт-дәстүрлерін әңгімелеп беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Қанша, неше»**<br><br>«Қанша?» , «Неше?» сұрақтарына жауап беру. (оң ,оң жақта,сол,сол жақта)бір-көп ұғымдарын айырып айта білуге үйрету. Көп-аз ұғымын меңгерту.Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру.**<br><br>**«Торсық»**<br><br>Ұлттық ыдыстар туралы ұғымдарды бекіту, торсықпен таныстыру, қатты қағаздан төрт бөліктен торсықты құрастырып жасауға, кеңістікті дұрыс бағдарлай білуге үйрету, ыдысты ұқыпты ұстай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Наурыз көктем мерекесі»**<br>Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру. Халқымыздың салт-дәстүрлерін әңгімелеп беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мейірімді қонақжай болуға тәрбиелеу. | **«Қазақтың ұлттық ою-өрнектері»**<br><br>Қазақ ою-өрнектері элементтерінің суретін салу дағдыларын бекіту. Кілемшені қазақтың ою-өрнек (қой ізі және ирексу) элементтерімен әшекейлей білуге үйрету. Халық шығармашылығына қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Наурыз айының IV аптасы**

**Тақырыбы: «Нұр төккен, гүл көктем».**

**Мақсаты: Жылдың көктем мезгілі туралы түсініктерін дамыту. Маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру.**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Бізге көктем келді»**<br><br>Тәрбиешімен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлем құрау кезінде барлық сөз таптарын құрауға үйрету.(қар ериді, күн жылынады, құстар ұшып келеді),Жұмбақтардың мағынасын түсінуге, сурет арқылы шешулерін табуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Наурызым армысың»**<br><br>**О. Асқар.**<br><br>Наурыз мерекесі жайлы білімдерін жетілдіру. Өлеңді мәнерлі, мағыналы, эмоцианалды т.рде жатқа айту дағдыларын жетілдіру.Білімділікке тәрбиелеу. | **«Алдында, артында»**<br><br>Суреттегі және өзіне тікелей байланысты орналасқан кеңістіктегі орналасқан заттарын атап көрсету және ажырату ( алдында-артында). Дөңгелек пішінді заттарды сезім-қозғалыс және көру қабілеті арқылы табуды қалыптастыру.Педагогтың тапсырмасын орындауға үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Көктем мезгілі»**<br><br>Көктем мезгілі, ондағы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Көктем мезгілінде болатын табиғи құбылыстардың пайдасын түсіндіру Көктем мезгіліне деген танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу. | **«Саңырауқұлақ»**<br><br>Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру, сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салуға дағдыландыру. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**«Көктемгі ағаш»**<br><br>Балалардың көктем мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Ермексаздан бөліктерін біріктіре отырып ағаш мүсіндеуге үйрету. Саусақтың ұсақ маторикаларын дамыту. Шеберлікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Көктем»**<br><br>Көктем мезгіліндегі ауа райының жағдайларын бақылау және анықтай білуді жетілдіру. Табиғатты бақылай білу дағдыларын қалыптастыру.Әр мезгілдің ерекшеліктерін білу арқылы табиғатты сүюге баулу. |

**Сәуір айының I аптасы.**

**Өтпелі тақырып : «Табиғатты қорғап үйренейік»**

**Тақырыбы: «Аялайық гүлдерді»**

**Мақсаты: «Өсімдіктер туралы түсініктерін дамату, гүлдер туралы түсініктерін қалыптастыру».**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру (3) | Сөйлеуді дамыту. (1)<br>Көркем әдебиет. (0,5)<br>Орыс тілі (0,5) | Математика негіздері (1)<br>Құрастыру. (0,5).<br>Жаратылыстану (1) | Сурет салу. (1).<br>Мүсіндеу. (0,25)<br>Жапсыру (0,25).<br>Музыка (1,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Көктем»**<br><br>Әңгіме құрау кезінде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану дағдыларын жетілдіру, сөздік қорындағы антонимдер-мағынасы қарама-қарсы сөздерді дамыту. Табиғатты сүюге, қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Қанша?» «Қандай?»**<br><br>Қанша қандай сұрақтарына толық жауап беруін үйрету.(оң ,оң жақта,сол,сол жақта)бір-көп ұғымдарын айырып айта білуге үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br><br>**«Көктемгі гүлдер.**<br><br>Қағазды жіңішке жолақтарға жырта білу дағдыларын дамыту. Түрлі-түсті қағаздардан гүлдер жыртып құрастыру.. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Ағаштар мен бұталар, гүлдер»**<br>Көктемгі ағаштарды, бұталарды , гүлдер және т.б тұқымдарын «шырайгүл,барқытгүл)бақылау дағдыларын жетілдіру. Өсімдіктердің бөліктерін ажырату дағдыларын жетілдіру. Балалардың ойлау қабілеттерін датыту, сөздік қорларын кеңейту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | **«Бақбақ»**<br><br>Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға дәстүрден тыс әдіспен көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу..<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Сәуір айының II аптасы**

**Тақырыбы: «Шөпте не жорғалайды»? (жәндіктер)**

**Мақсаты: Балалардың жәндіктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатқа қызығушылықтарын ояту.**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Не екенін тап»**<br><br>**(ара, құмырсқа)** Балалардың жәндіктер туралы түсінігін анықтау және кеңейту. Жалпы және ерекше белгілері бойынша топтау дағдыларын бекіту. Балалардың тілін жәндіктердің қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Аққу-қаздар ертегісі.**<br><br>Оқылған ертегіні мұқият тыңдап, қойылған сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту.Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. | **Әр түрлі топтағы заттарды теңестіру және салыстыру.**<br>Екі тең және тең емес заттар тобын топтастыру тәсілдерін пайдалану, заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Аз-көп тең ұғымдарын бекіту.Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Түктіараның саяхаты»**<br>Саяхат сабақ арқылы шалғын өсімдіктері жайлы түсіндіру. Өсімдіктердің,жәндіктердің табиғатқа келтіретін пайдасы туралы ұғым қалыптастыру. Туған жердің табиғатына қамқор болуға тәрбиелеу. | **«Көбелек»**<br><br>Сопақша пішінді заттарды бейнелеу, оларды дөңгелек пішіндегілермен үйлестіре білу арқылы, көбелектің суретін салуға үйрету. Саусақ қимылдарын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br><br>**«Көгалды серуендеген балапан»**<br><br>Үй құстары оның балапандары туралы білім беру. Сюжетті жапсыру жұмысын жүргізу дағдыларын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Жәндіктер әлемі.»**<br><br>Балалардың жәндіктер, олардың табиғаттағы орны туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Күн сәулесінің шуағынан табиғат оянып, тіршіліктің жанданатынын түсіндіру. Тіршілік иелеріне эмоцианалды,жағымды қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. |

**Сәуір айының ІІІ аптасы**

**Тақырыбы: «Жайлауға қонаққа барамыз. Жануарларға қамқорлық»**

**Мақсаты: Жайлау туралы түсініктерін қалыптастыру, жануарларға қамқорлыққа тәрбиелеу.**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту | Математика негіздері | Сурет салу | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Маман жоспарымен | **«Жайлауда не жоқ?**<br><br>**«Үй жануарлары»**<br><br>Сурет бойынша әңгіме құрау кезінде тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Табиғатқа қамқор болуға баулу.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Жіңішке-жуан, ұзын-қысқа» ұғымдарын пысықтау.**<br><br>Ұзындығы жағынан бір-біріне қарама қарсы затты(ұзын-қысқа) салыстыру.Қағаз бетінде бағдарлауды жалғастыру. Қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру.**<br><br>**«Жайылымдағы қошақандар»**<br><br>Балалардың саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, қағазды умаждау арқылы қошақан-дарды қалай жасауға болатынын түсіндіру, малдың төлдеріне қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Фермаға саяхат»** Ферма туралы балалардың түсініктерін дамыту. Фермадағы үй жануарлар туралы түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. | **«Көк шалғындағы балапандар»**<br><br>Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін, жетілдіру. Қылқаламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, Түс үйлесімділігін дамыту.<br><br>эстетикалық талғамын дамыту.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Сәуір айының IV аптасы**

**Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»**

**Мақсаты: Қоршаған орта табиғат туралы түсініктерін датмыту. Табиғатты сүюге, қорғауғу, аялауға тәрбиелеу.**

| Денсаулық-3 | Қатынас-2 | Таным-2,5 | Шығармашылық-3 | Әлеумет-0,5 |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту | Математика негіздері | Сурет салу | Қоршаған ортамен танысу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **Ағаш егу жұмысы.**<br><br>Сурет бойынша көктемгі атқарылатын қызмет түрлері жайлы қойылған сұрақтарға толық жауап бере білу дағдысын дамыту. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдану. Көмек көрсету ниетіне, табиғат туралы бейнелі сөздерді айта білуге тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**М.Зайтов. «Ағаштар»**<br><br>Шағын әдеби шығарманы тыңдап, мазмұнын айта білу, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Табиғатқа қызығушылығын арттыру. | **Алыс-жақын, биік-аласа, оң жақ, сол жақ.**<br><br>Балаларда геометриялық фигуралар туралы түсініктерді қалыптастыру. Балаларды қоршаған ортадан басқа геометриялық фигураларға сәйкес келетін заттарды табуға үйрету, зерттеу амалдарын дамыту.Ықыластылыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы: « Алтын балық»**<br><br>**Мақсаты:** Аквариум балықтарының тіршілігі туралы түсіндіру және оларды атай білуге үйрету,алтын балықтың ерекшеліктерін көре білуге үйрету.Табиғат бұрышын мекндеушілерді бақылау, оларға қамқорлық жасау дағдыларын жетілдіру. | **«Бәйшешек гүлі»**<br><br>Бәйшешек гүлі туралы түсініктерін дамыту.<br><br>Қылқаламды басу тәсілі арқылы бәйшешектің суретін салуды үйрету. Әдемілікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**«Гүл күтуге арналған күрек»**<br><br>Домалатылған пішінді жалпақтау тәсілі арқылы күректің басын жасап және есу тәсілі арқылы сабағын мүсіндеуді үйрету. Саусақ қимылдарын жетілдіру. Өсімдікті қамқорлауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Көктемгі үлкендер еңбегі»**<br><br>Балаларды өзге адамдардың іс-әрекетін бақылауға үйрету, еңбекті бақылау негізінде негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.Мүмкіндігіне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.Өзгеің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

**Мамыр айының І аптасы**

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»**

**Тақырыбы: Достық біздің тірегіміз»**

**Мақсаты: Достық туралы түсініктерін дамыту. Балаларды достықты қадірлеуге тәрбиелеу.**

| **Денсаулық-3**<br><br>Дене шынықтыру (3) | **Қатынас-2**<br><br>Сөйлеуді дамыту. (1)<br><br>Көркем әдебиет. (0,5)<br><br>Орыс тілі (0,5) | **Таным-2,5**<br><br>Математика негіздері (1)<br><br>Құрастыру. (0,5). Жаратылыстану (1) | **Шығармашылық-3**<br><br>Сурет салу. (1). Мүсіндеу. (0,25)<br><br>Жапсыру. (0,25). Музыка (1,5) | **Әлеумет-0,5**<br><br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Тату боламыз»**<br><br>**Мақсаты:**<br><br>Байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту .Есте сақтау қабілеттерін дамыту, достыққа, ынтымаққа тәрбиелеу, ұлттар достығын түсіндіру.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **Пішіндерді ажырату.**<br>«Қанша?» «Қандай?» сұрақтарына толық жауап беруін үйрету.(оң ,оң жақта,сол,сол жақта)бір-көп ұғымдарын айырып айта білуге үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Боталарға арналған қоршаулар»**<br><br>Құрылыс материалдарын кеңістікке дұрыс орналастыруға және оның көлеміне, пішініне, түсіне қарай қоршаулар жасай алу дағдыларын қалыптастыру. Достыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Біздің қанатты достарымыз»**<br><br>Құстар (Көгершін және сауысқан) және оларды бір-бірінен ажырату керек екенін түсіндіру. Құстарға ғана тән ерекшеліктерді түсіндіру арқылы достыққа тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын арттыру. | **«Құстың ұясы»**<br><br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерден құстың ұясын салуды үйрете отырып, құстардың адамдарға достығын түсіндіріп, достықты қадірлеуге тәрбиелеу, қол қимылдарын жаттықтыру.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

**Мамыр айының II аптасы**

**Тақырыбы: «Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз»**

**Мақсаты: Балалардың зерттеушілік қабілетін дамыту.**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Балалар текшемен ойнайды»(шығармашылық элементтерімен әңгіме құрастыру**).<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге, сұраққа дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру, заттың қасиетін зерттеудің алғашқы түсініктерін қалыптастыру.<br>Зат есім және сын есімдерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруды, дыбыстың дұрыс айтылуын бекіту. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**«Бәріміз үшін бәрі де»**<br>**Юлиан Тувин.**<br>Шығарманы түсіне білу дағдыларын дамыту.<br>Құрдастармен қатынастың өзара әрекеттесудің ережелерін сақтауға үйрету. Келіспеушілікті шешудің тәсілдерін таба білу қабілетін қалыптастыру**.** | **«Шаршы шеңбер, үшбұрыш»**<br>Балалардың геометриялық фигуралар туралы түсініктерін дамыту. Балаларға қоршаған ортадан басқа геометриялық фигураларға сәйкес келетін заттарды табуға,салыстыруға үйрету.Ықыластылыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**«Бұлттар»**<br>Серуен кезінде бақылау дағдыларын дамыту. Бұлттарды бақылау арқылы, зерттеу әрекетінің алғашқы түсініктерін қалыптастыру. | **«Әдемі көйлек»**<br>Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе губкамен, қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**«Достарыма арналған шарлар»**<br>Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, бейнелеу іс-әрекетіне баули отырып, зерттеушілік іс-әрекеттерін, жапсыруға деген қызығушылықтарын даимыту, әдемілікке тәрбиелеу.<br>**Музыка-1**<br>**Маман жоспарымен** | **«Мен және менің достарым»!**<br>Өзінің есімін, тегін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. Бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуге үйрету. |

**Мамыр айының ІІІ аптасы**

**Тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»**

**Мақсаты: Балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсіздік шаралары туралы түсінік беру және сақтануға тәрбиелеу**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Бағдаршам-біздің досымыз»**<br><br>Ойындар мен жаттығулар арқылы балаларлың сөздік қорын байыту.<br><br>Тақырып бойынша білетін шағын тақпақтарды жатқа сұрау. Әңгімелеу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Орыс тілі-1**<br><br>**Маман жоспарымен.** | **«Пішіндер мен уақытты ажырату»**<br>Тәуліктің қарама-қарсы мезгілдерін айыра білу:таңертең -кеш,күндіз-түн,үлкендер мен балалардың іс-әрекетінен тәулік мезгілдерін ажырата білу. Балаларға дайын пішіндерге кезектілікті сақтай отырып жапсыру тәсілдерін үйрету.<br><br>**Құрастыру.**<br><br>**«Үйлер»**<br><br>Құрылыс материалдарын пайдаланып, бір немесе көпқабатты үйлерді және мұнараларды құрастыра білуге үйрету, олардың өзара қатынасы мен ерекшеліктеріне сәйкес құрастыру дағдыларын қалыптастыру, үйдегі қауіпсіздікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Бағдаршамның көздері»**<br>Балаларды бағдаршаммен, жолда жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру, жолда қауіпсіз жүру дағдыларын дамыту.Торап, жүргінші жол, тротуар, жаяу жүрушілерге арналған өткелдер, жол белгілері, туралы түсініктерін бекіту.Жаяу жүргіншінің өзін-өзі ұстау мәдениетін тәрбиелеу. | **«Сиқырлы таяқшалар»**<br><br>Балаларды сурет өнерімен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка-2**<br><br>**Маман жоспарымен** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**Мамыр айының IV аптасы**

**Тақырыбы: «Көңілді жаз»**

**Мақсаты: Жаз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.**

| **Денсаулық-3** | **Қатынас-2** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру-3** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған ортамен танысу.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Маман жоспарымен** | **«Жаз» сурет бойынша әңгімелеу.**<br><br>Балалардың жаз айының қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту.Табиғатта, ауа-райында, өсемдік әлемінде, адамдардың киімінде қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету.Қоршаған әлемнің сұлулығы мен оған қамқорлық қарым-қатынаспен байланысты сөздік қорларын байыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«А.Құнанбаев. .«Жаз»**<br><br>**Абай Құнанбаевпен таныстыру**мезгілінің ерекшеліктері туралы мағлұмат бере отырып, сөздік қорларын молайу; Сөйлеу барысында ойларын дұрыс айтуға үйрету; Өлеңді дұрыс түсініп, жаттау қасиеттерін дамыту. | **«Үлкен-кіші, ұзын-қысқа, биік-аласа».**<br><br>Таныс заттарды көлеміне (үлкен- кіші, биік-аласа) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету. Айналасындағы заттардан бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту. Шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**«Жайдары жаз»**<br><br>Жаз мезгілінің кейбір сипаттық ерекшеліктері жайлы білімдерін жетілдіру. Жазғы табиғатқа, оның құбылыстарына деген жақсы көзқарасты тәрбиелеу. | **«Алақанға күн саламыз»**<br><br>. Балалардың дәстүрден тыс әдіспен – алақанды бояуға малып сурет салу дағдыларын бекіту. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**«Көлшіктегі үйректің балапандары»**<br><br>Үй құстары туралы түсініктерін кеңейту, үйректің балапанымен таныстыру, екі бөлшекті біріктіру, тегістеу, шымшып созу, әдістерін пайдалануды дамыту, үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту.<br><br>**Музыка-1**<br><br>**Маман жоспарымен** | **«Жайлауға саяхат»**<br><br>Жаз мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Жайлау туралы түсінік беру.Туған жердің сұлулығы жайлы түсініктерін,экологиялық түйсікті қалыптастыру.<br><br>Табиғатты аялауға тәрбиелеу. |